

**Бекітілді**  
**«ТеңізСервис» ЖШС**  
**Қатысушыларының жалпы жиналысы**  
**2010 жылғы «27» желтоқсан**  
**хаттама № 9/2010**

**«ТеңізСервис» ЖШС Корпоративтік этика кодексі**

## **1. Жалпы ережелер**

«ТеңізСервис» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Корпоративтік әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Серіктестік қызметкерлерінің адалдығына, ашықтығы мен кәсібилігіне деген сенімді қамтамасыз ету үшін Серіктестік пен оның қызметкерлері қызметінің этикалық нормаларын белгілейді.

Кодекс Серіктестік ішіндегі қатынастардың этикалық нормаларын белгілейді. Серіктестіктің қызметі Кодекске сәйкес жалпы қоғамға және де әрбір қызметкерге жеке пайда әкелуге бағдарланған.

Кодекстің этикалық нормалары қызметкерлердің ерікті түрде қабылдауы болып табылады.

## **2. Кодексті құру мақсаттары**

- Серіктестіктің беделін сақтау және нығайту;
- Біріктірілген басқару жүйесінің талаптарын сақтау

## **3. Серіктестіктің негізгі құндылықтары:**

- адам құқықтарын құрметтеу;
- Серіктестік қызметкерлерінің кәсібилігі;
- Серіктестік қызметкерлерінің сенімді қарым-қатынастары және жоғары мәдени-адамгершілік сипаттамалары;
- Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес Серіктестікке берілген жер қойнауы учаскелерін (блоктарын) жауапты және ұтымды пайдалану;
- Серіктестік активтері;
- Серіктестіктің қызметі үшін әлеуметтік жауапкершілік;
- жұмыстың әр түрінің бәсекелестік артықшылықтарын дамыту;
- Серіктестіктің тұрақты дамуы;
- Серіктестікті озық технологияларды дамытуға, енгізуге және пайдалануға бағдарланған ұйым ретінде жайғастыру;
- тарихи сабақтастық және жоғары корпоративтік ынтымақтастық

## **4. Серіктестік келесі этикалық қағидаларды сақтайды:**

- жобаларды іске асыру және қызметті дамыту кезінде Қазақстан Республикасының және басқа елдердің заңнамаларын құрметтеу және сақтау;
- адам құқықтарын құрметтеу;
- адал, әділ және жауапты бизнес жүргізу;
- іскерлік қызметке қатысушылармен өзара қарым-қатынаста өзара пайда жасау;
- адал және тұрақты серіктес ретінде Компанияға деген сенімді қалыптастыру және ынталандыру;
- қоғамға және қоршаған ортаға құрмет көрсету.

## **5. Серіктестікпен қарым-қатынастың этикалық нормалары**

- жоғары басымдық ретінде өндіріс объектілерінде халық үшін экология және қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындау;
- белсенді әлеуметтік саясат жүргізу және ұйым қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін қамтитын әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- қоғамдық бірлестіктерге, мәдениет және білім беру ұйымдарына қолдау көрсету;
- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне, Серіктестіктің еңбек сіңірген қызметкерлеріне, еңбек мүгедектеріне және өндірісте зардап шеккен отбасыларға көңіл бөлу және көмек көрсету.

## **6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынастың этикалық нормалары**

- БАҚ үшін тек сенімді мәліметтерді ұсыну;
- ақпарат көздеріне сілтемелерді жариялау міндеттілігі.

## **7. Мүдделер қақтығысындағы этикалық нормалар**

- кез келген мүдделер қақтығысын, соның ішінде жақын туыстары қатысатын жағдайларды болдырмау;
- мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда басшылықты осындай жағдай туралы хабардар ету, мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу жөніндегі іс-қимылдарды таңдау және жүзеге асыру, оның ішінде функционалдық міндеттерді орындаудан бас тарту немесе оларды басқа мүдделі емес тұлғаға беру жағдайлары туралы хабардар ету.

## **8. Серіктестіктің имиджіне қатысты этикалық нормалар**

- Серіктестік имиджін оң қабылдауды нығайтуға жәрдемдесу және белсенді қатысу.

## **9. Өзара қарым-қатынастың этикалық нормалары**

**(a) әріптестер арасында:**

- нақты және сенімді ақпарат беру; жеке жауапкершілік пен адалдық сезімін дамыту; қарым-қатынастағы ашықтық пен әдептілік;
- іскерлік талапшылдық;
- тек фактілерге ғана бейімділік;
- тәлімгерлік, жас мамандарға және жаңа қызметкерлерге кәсіби қалыптасуға көмектесу;
- жанжалдардың алдын алу және шиеліскен жағдайда оларды уақтылы реттеу;

**(б) басшы мен бағыныштылар арасында:**

- кәсіптік дамуға ұмтылу және бағынысты қызметкерлердің бастамаларын көтермелеу, оларды инновацияларды іске асыруда қолдау;
- әділ моральдық және материалдық сыйақы; қарым-қатынастағы сыпайылық пен әдептілік;
- сындарлы сынға ашықтық, әріптестер мен бағыныштылардың қоғамдық пікіріне құрметпен қарау;
- бағыныштылармен сенімді қарым-қатынасқа бейімділік, оларды өз пікірлестері ретінде көруге деген ұмтылыс;
- адамгершілік-салауатты ұжым құруға ұмтылу;
- жеке тұлғаның егемендігін және оның қадір қасиетіне қол сұғылмаушылықты тану;
- ешқандай жағдайда компания қызметкерінің мәртебесін төмендетуге жол бермеу;
- қызметкерлерді басқару мәселелерін тек объективті талаптар мен ашық қағидаттар негізінде шешу;
- билік өкілеттіктерін тек функционалдық міндеттерді орындау шеңберінде пайдалану.

**(в) компания қызметкерлері мен басқа ұйымдар (жеке тұлғалар) арасында:**

- үшінші тарап ұйымдары мен жеке тұлғалардың заңды құқықтарын құрметтеу;
- Серіктестік қызметіне қоғамдық сенімді сақтау және арттыру мақсатында өзара іс-қимылдың жоғары адамгершілік қағидаттарын қолдау;
- даулы мәселелерді тек заңды негізде шешу;
- кәсіби арам ниеттілікке қарсы күрестегі белсенді ұстаным.

**10. Серіктестік қызметіне байланысты ақпаратпен жұмыс істеудегі этикалық нормалар**

- жалпыға қолжетімді ақпараттан басқа кез келген ақпараттың құпиялылығы; құпияла ақпаратты, оның ішінде өз қызметтік міндеттерін орындау үшін оған мұқтаж емес басқа да қызметкерлерге жария етпеу;
- бір бөлімшеге қолжетімді құпия ақпаратты басшылықтың санкциясымен ғана басқасына беру;

- коммерциялық ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша міндеттеменің ережелерін сақтау;
- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне ақпаратты кез келген нысанда БАҚ-пен ынтымақтастық үшін жауапты басшының немесе жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің келісімімен ғана беру;
- қызметкердің функционалдық ерекшеліктерін орындауы салдарынан өзіне белгілі болған ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығына кепілдік беру үшін тиісті шараларды жүзеге асыру;
- қызметтік міндеттерін орындау барысында пайдалану көзделмеген ақпаратқа қол жеткізуге ұмтылыстың болмауы.

## **11. Ресурстарды пайдаланудағы этикалық нормалар**

- сеніп тапсырылған мүлікті, қаржы қаражатын, жабдықты, байланыс құралдарын, бағдарламалық жасақтаманы және Серіктестіктің өзге де ресурстарын тек қана қызметтік мақсатта үнемді басқару және пайдалану.

## **12. Сыйлықтар мен қызметтерге қатысты этикалық нормалар**

- қолданыстағы заңнаманы және/немесе этика стандарттарын бұзбайтын, қабылданған іскерлік тәжірибеге сәйкес келетін сыйлықтар мен қызметтерді қабылдауға жол беріледі.

## **13. Серіктестіктен тыс қызметкерлер қызметінің этикалық нормалары**

- Қоғамдастық қызметкерлері, егер мұндай қызмет Серіктестіктің имиджіне немесе материалдық мүдделеріне нұқсан келтірмесе, жұмыс уақытынан тыс уақытта коммерциялық қызметпен айналыса алады;
- қызметкерлер өздерінің көзқарастары мен сенімдеріне сәйкес Серіктестік ресурстарын пайдаланбай, тек жұмыс уақытынан тыс уақытта саяси қызметпен айналыса алады;
- Серіктестік өз қызметкерлерінің жеке бас бостандығын шектемейді және олардың жеке өмірін реттемейді, егер бұл оның тиімді жұмысына кедергі келтірмесе және Серіктестіктің имиджіне теріс әсер етпесе, әрбір қызметкердің өз өмір салтын жүргізуге құқығы бар.

## **14. Серіктестік қызметкерлерінің сыртқы келбеті мен сөйлеуіне қатысты этикалық нормалар**

- Серіктестіктің байсалды және кәсіби имиджін қолдайтын киім мен аяқ киімнің ұқыпты келбеті мен іскерлік стилі;
- вульгаризмдер мен сленгтерді қолдануға жол бермейтін сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу;
- дауысты көтермей сөйлесудің сыпайы үні;
- сыртқы тұлғалармен, әріптестермен, бағыныштылармен, басшылықпен қарым-қатынаста әдепсіздікті пайдаланбау.